

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№20				
Күндері	17.01 - 21.01.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек л.лілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сұрту, заттарды ұқыпты орналастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді тұру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді.	"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Бойыңды сергек, тік ұста (бойларын тік ұстайды), Деміңді ішке тез ал да (демін ішіне тартады), Емін-еркін тыныста (терең дем шығарады). Сол қолыңды соз алға (сол қолын алға созады), Қол ұшын қара да (қолын жоғары көтереді), Үшбұрыш сыз ауада (сол қолымен үшбұрыш сызады). Оң қол да бос тұрмасын, (оң қолды алға созады), Шеңбер жасап зырласын (оң қолымен шеңбер сызады).				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Әр күні асты ішкеннен кейін кезекшілердің нан сауыты мен майлық салатын ыдыстарды жинап алуларын ескерту; балалардың әр күні ас ішкеннен кейін қолдарын жуу, ауыздарын сумен шаю іскерліктерін дамыту; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.	"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	"Жұбын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Торғайлар жемшашарға қонды" суретімен танысу. Мақсаты. Балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру. <i>Сөздік жаттығу. "Торғай не істеді?".</i> Сурет салу "Үкі". Мақсаты. Балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Құстар, құстар, келіңдер".</i> Дене шынықтыру "Суықторғай". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. <i>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Қысқы өнші құстар". Мақсаты. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру. <i>"Торғайлар" ойыны.</i> Математика негіздері "Сауысқанның сыйлықтары". Мақсаты. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша тұстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; тұстастыру және беттестіру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, таным қабілеттерін жетілдіру. <i>Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. "Дана мен Томирисің қысқа және ұзын бантиктері".</i> Вариативті компонент/ Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Сауысқан мен көкек". Мақсаты. Балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісі мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету. Дене шынықтыру "Біз құстарды аялаймыз!" Мақсаты. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. <i>"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойын.</i>	Жаратылыстану "Қыстайтын құстарға қамқорлық". Мақсаты. Балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. <i>"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.</i> Орыс тілі "Птицы нашего двора". Величина. Цель. Учить понимать русскую речь, различать и называть зимующих птиц, умение правильно строить простейшие фразы при ответах на вопросы, называть величины объектов при сравнении, правильно меняя окончания слов в словосочетаниях. <i>Развивающее упражнение "Большой и маленький домик".</i>	Жапсыру "Шұбар тауықты безендірейік". Мақсаты. Балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды толықтыру. <i>Саусақ жаттығуы.</i> Дене шынықтыру "Құстарға жем шашайық". Мақсаты. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. <i>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Көкшымшықты бақылау. Мақсаты: балалардың көкшымшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен тамақтандыру). Мақсаты: балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақ". Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары; ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, екі аяқпен орнында секіруге жаттығу (оң аяқта 5 рет; сол аяқта 5 рет; қос аяқтап 10 рет секіру; орнында тұрып 5-ке дейін адымдау; оң аяқта 5 рет, сол аяқта 5 рет, қосаяқтап 10 рет секіруді қайталау).	Шыршаларды бақылау. Мақсаты: шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау). Мақсаты: ағаш күрекшені қолдану қабілетін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". Мақсаты: ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	Қыстайтын құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштың айналасындағы қарларды тазалау). Мақсаты: жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр". "Мысықтар мен тышқандар". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қашықтыққа қар бүршіктерін лақтыруды үйрету.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен тамақтандыру.) Мақсаты: балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сауысқандар" Мақсаты: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру.	Қайың мен шетенді бақылау. Мақсаты: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау.) Мақсаты: тапсырманы бірлескен күш-жігермен жүзеге асыра отырып, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді құлат". Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, дұрыс итеру және жұмсақ қону дағдыларын бекіту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Жеке жұмыс	отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жекедара жұмыс; этикет ережелері.				
Үйге оралу	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А